

ТУРИСТІК ПОЛИЦИЯ ТЫНЫСЫ

5-БЕТ | ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ



ТҰСАУКЕСЕРДІҢ ТҮЙТКІЛІ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



«АБАЙ-ТОҒЖАНМЕН» АЯҚТАДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Мемлекет үшін көлік саласының стратегиялық маңызы айрықша. Бұл – айқын нәрсе. Көлік жүйесі – әрбір елдің дамуының көрінісі. Онсыз экономиканың алға басуы мүмкін емес. Сондықтан бұл салаға біз аса маңызды басымдық ретінде қараймыз.

№90
(4834)
Сенбі
2 тамыз
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




БҰҰ БАС ХАТШЫСЫ КЕЛЕДІ

3 тамыз күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш Қазақстан Республикасына сапармен келеді.

Сапар барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Антониу Гутерриш келіссөз жүргізеді. Сондай-ақ БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімге қол қойылады. Бұл орталық 2030 жылға дейінгі тұрақты даму саласындағы күн тәртібін өңірлік деңгейде ілгерілету үшін маңызды алаңға айналмақ.





КӨҢІЛ КҮЙ ТҰРАҚТЫ

Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты жүргізген әлеуметтік зерттеу қорытындысы жарияланды. Зерттеуге қатысқан респонденттердің 79,4 пайызы ел дұрыс бағытта дамып келеді деп санайды.

«Маусым айындағы зерттеу ел дамуына қатысты бағалардың тұрақты екенін көрсетіп отыр. Бұл таңдалған бағытқа қатысты қоғамда консенсус сақталып, әлеуметтік көңіл күйдің орнықты екенін көрсетеді. Респонденттердің басым бөлігі (79,4%) ел дұрыс бағытта дамып келе жатыр деп санайды. Пікірлердің оң серпіні әлеуметтік-экономикалық жағдайға қатысты да байқалады. Маусым айында респонденттердің 73,6%-ы бұл жағдайға оң баға берген. Бұл үрдіс халықтың қазіргі ахуалды қабылдауында тұрақтану үдерісі жүріп жатқанын көрсетеді» делінген аталған институт таратқан ақпаратта.

Зерттеуге қатысушылар саяси жағдайды да негізінен оң бағалайды. Респонденттердің 76,2 пайызы қазіргі жағдайға қанағаттанатынын білдірген.

МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ АШЫЛДЫ

Бас қалада «Мектепке жол» акциясы басталды. Бүгіннен бастап 31 тамызға дейін елорданың барлық ауданында әр демалыс күндері мектеп жәрмеңкелері өтеді. Онда қолжетімді бағамен оқушыларға керек-жарақтың бәрін сатып алуға болады.

МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ ӨТЕТІН ОРЫНДАР:

- **Нұра ауданы** – «Анвар», «Magnum» гипермаркеттері, 22-24 тамызда – «Ғашықтар саябағы;
- **Сарыарқа ауданы** – «Рахмет» ОСО, «Көктал» ОСО, «Джаффар» СҮ (Ш.Қосшығұлұлы көшесі);
- **Алматы ауданы** – «Гүлжан» СҮ;
- **Сарайшық ауданы** – «Damu Mall» ОСО;
- **Байқоңыр ауданы** – «Аймақ-Тау», «Тұлпар», «Жаннұр» СҮ;
- **Есіл ауданы** – 2-3 тамыз EXPO халықаралық көрме орталығы, 16 тамыздан бастап әр жұма, сенбі, жексенбі күндері «Mega Silk Way» ОСО.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ТӨЛҚҰЖАТ БЕРІЛЕДІ

Қазақстандықтардың төлқұжатында жаңа қорғаныс элементі, яғни қар барысының суреті пайда болды. Осы орайда азаматтар ескі төлқұжатты ауыстыруы керек пе? Бұл сауалға Ішкі істер министрлігі жауап берді.


«Қосымша қорғаныс элементімен жаңа үлгідегі төлқұжат шығару қолданыстағы ескі төлқұжаттарды жаппай ауыстыруды көздемейді, яғни ауыстыру міндетті емес. Жаңа үлгі енгізілгенге дейін берілген төлқұжаттар (жарамдылық мерзімі өтіп кеткен, бүлінген, жоғалған немесе иесінің мәртебесіне сәйкес келмейтін жағдайды қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күшін сақтайды» делінген министрліктің хабарламасында.

Қар барысының бейнесі бар төлқұжаттар биыл 3 шілдеден бастап беріле бастады.

«АСТАНА» – КЕЛЕСІ КЕЗЕҢДЕ

УЕФА аясындағы конференция лигасы турнирінің екінші кезеңінде елордалық «Астана» командасы молдовалық «Зимбру» клубынан басым түсіп, келесі кезеңге шықты.

Кишинев қаласында өткен қарымта ойында астаналықтар 2:0 есебімен жеңіске жетті. Ал осыған дейін Астанада өткен бірінші ойында есеп 1:1 болып аяқталған еді. Осылайша, екі ойынның қорытындысы бойынша «Астана» конференция лигасының үшінші кезеңіне шықты. Ендігі қарсыласы – Швейцарияның «Лозанна» клубы. Бірінші ойын 7 тамыз Швейцарияда, ал қарымта ойын 14 тамыз Астанада өтеді.



№90 (4834) 02/08/2025 Сенбі



ЕҢБЕК АДАМЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көлік саласы қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, оларды еліміздің дамуына елеулі үлес қосып жатқан нағыз еңбек адамдары деп атады.

– Мемлекет үшін көлік саласының стратегиялық маңызы айрықша. Бұл – айқын нәрсе. Көлік жүйесі – әрбір елдің дамуының көрінісі. Онсыз экономиканың алға басуы мүмкін емес. Сондықтан бұл салаға біз аса маңызды басымдық ретінде қараймыз. Көлік құралдары экономиканың қозғаушы күші, өсіп-өркендеу кепілі десек артық болмайды. Еліміздің осы саладағы мүмкіндіктері мол, тіпті, бірегей деуге болады. Қазақстан – Еуразиядағы негізгі транзиттік хабтың бірі. Біз қазір Транскаспий халықаралық көлік бағдарын белсенді түрде дамытып жатырмыз. Бұл – Қытай, Орталық Азия және Еуропа арасында тауар жеткізудің төте жолы. Былтыр Сиань қаласында көлік-логистика орталығын аштық. Оны «Бір белдеу, бір жол» атты жаһандық бастама аясында Қытай елімен бірлесіп жүзеге асырдық. Бұл қадам халықаралық жүк тасымалын арттыруға септігін тигізуде, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстан аумағы арқылы өтетін дәліздердің инфрақұрылымын біртіндеп жақсарту қолға алынғанын айтты.

– Логистика орталықтары және қоймалар салынуда. Темір жол құрылысы жанданып жатыр. Осындай маңызды шаралар сыртқы сауда айналымын ұлғайтуға мүмкіндік береді, экономиканы өркендетуге ықпал етеді. Биыл «Достық – Мойынты» темір жолының екінші желісі салынып бітеді. Соның арқасында жүк көлемі бес есе артады. Осы ауқымды жобаны, негізінен, өз жұмысшыларымыз жүзеге асырып жатқанын да атап өту қажет. Сондай-ақ жыл соңында Алматы бекетін айналып өтетін темір жол іске қосылады. Нәтижесінде жүктеме азайып, жүк жеткізу мерзімі қысқармақ. Көлік-тасымал саласы озық, заманауи және бәсекеге қабілетті болуы керек. Сол себепті алдағы уақытта еліміздегі темір жолдың ұзындығын едәуір арттыру көзделіп отыр. Он бір мың шақырым теміржолды жөндеу жұмысы жалғасады. Жаңадан 5 мың шақырым жол салу және оны жаңғырту жоспарлануда. Қазір Транс-Қазақстан теміржол дәлізі ауқымды жобасы қолға алынды. Менің тапсырмаммен ұзындығы 323 шақырым болатын «Мойынты – Қызылжар» теміржолы салынып жатыр. Бұдан бөлек, «Дарбаза – Мақтаарал» және «Аягөз – Бақты» теміржол өткелінің құрылысы қарқынды жүруде, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, тағы бір маңызды бағыт – машина жасау секторы. Әлемнің ең озық компанияларын тарта отырып, жергілікті өндірісті дамыту өзекті.

– Қазір Қазақстанда шетелдік үздік компаниялар жұмыс істейді. Мен жыл басында Астанадағы электровоз құрастыру кәсіпорнына бардым. Онда жүк және жолаушылар тасымалдайтын электровоз бен қосалқы бөлшектер шығарылып жатыр. Ең бастысы, осындай маңызды жұмысты өз мамандарымыз атқаруда. Мемлекет мұндай жобаларға жан-жақты қолдау көрсете бермек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы әуе қатынастарын дамыту көлік саясатындағы басым міндеттердің бірі екенін атап өтті.

– Бүкіл ел бойынша авиация инфрақұрылымын жаңғырту үшін кешенді жұмыс жүргізіліп жатыр. Мысалы, өткен жылы Алматы, Шымкент және Қызылорда қалаларында жаңа терминалдар іске қосылды. Әуежайлардың өткізу қабілеті айтарлықтай артты. Бұрын Алматы әуежайы жылына 2,5 миллион жолаушыға ғана қызмет көрсете алатын. Бүгінде бұл көрсеткіш 14 миллионға дейін ұлғайды. Менің тапсырмаммен Зайсанда, Катонқарағайда және Кендірліде үш жаңа әуежай салынып жатыр. Арқалық әуежайы қалпына келтіріле бастады. Мұндай жобалардың жүзеге асуы жолаушылар нөпірін көбейтіп қана қоймайды. Сонымен қатар логистика, туризм, сауда және басқа да қосалқы салалардың дамуына серпін береді. Әуе рейстерінің географиясын кеңейту мақсатында тұрақты түрде жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Қазіргі кезде Қазақстанның 30-дан астам елмен тікелей әуе қатынасы бар. Бірақ бұл аз. Аталған бағыттағы жұмыс жалғасады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, алдағы маңызды міндет – әуе арқылы жүк тасымалын дамытып, Қазақстанды аймақтағы жетекші авиациялық хабқа айналдыру.

– Үкімет ұлттық жүк тасымалдаушы әуе компаниясын құру туралы жоспарын мәлімдеді. Жалпы, еліміздегі азаматтық авиация мен әуе арқылы жүк тасымалын дамыту мәселесі тек көлік қызметі ретінде қарастырылмайды. Оның ауқымы одан әлдеқайда кең. Бұл – еліміздің экономикалық өсіміне, халықаралық аренадағы орнына және егемендігіне тікелей әсер ететін стратегиялық вектор, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы автокөлік жолдарының сапасын жақсартуға қатысты ауқымды жұмыс жүргізіліп жатқанына назар аударды.

– Былтыр 7 мың шақырым автокөлік жолы пайдалануға берілді. Талдықорған – Өскемен, Қарағанды – Алматы, Ақтөбе – Атырау – Астрахан бағытындағы күре жолдар жаңғыртылды. Жергілікті автокөлік жолдары да жөнделіп жатыр. Мұндай ауқымды жұмыс ел тарихында бірінші рет іске асатын болды. Бұдан бөлек, басқа да ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Өткен жылы халық көптен күткен Бұқтырма су қоймасындағы көпір ашылды. Бұл – Қазақстандағы ең ұзын көпір. Осы өткел екі облысты және жеті ауданды байланыстырады, сондай-ақ Қытай мен Ресейді жалғайды. Шақпақ баба асуында еліміздегі ең алғашқы туннель іске қосылды. Шын мәнінде, «Жол – тіршілік көзі, жол бар жерде қайнаған өмір бар» деп бекер айтылмаған. Осы нысандардың игілігін ең алдымен халық көреді. Сапалы жол азаматтардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Жалпы, Қазақстанда көлік-транзит саласы қарқынды дамуда. Бұл – өздеріңіз сияқты азаматтардың қажырлы еңбегінің жемісі. Қазір осы салада 770 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Сіздер адал қызмет етіп, елімізді көркейтуге мол үлес қосып жүрсіздер. Мен барлық көлік саласы қызметкерлеріне шынайы ризашылығымды білдіремін. Біз бір ел болып заң мен тәртіпке бағынатын Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – мемлекетіміздің болашағы үшін өте маңызды жұмыс, оны міндетті түрде орындауымыз керек. Көлік саласы мамандары өз міндеттерін мінсіз атқарып, мемлекеттік маңызы бар іске белсенді түрде атсалысып келеді. Алдағы уақытта да ел игілігіне қызмет етесіздер деп сенемін. «Еңбек еткен елден ырыс кетпейді» дейді халқымыз. Еңбекқорлық пен кәсібилік – өркениетті қоғамға тән қасиеттер. Еңбек адамы ең жоғары марапатқа лайықты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында еліміздің көлік саласын дамытуға, қатынас жолдарының инфрақұрылымын қалыптастыруға және жаңғыртуға қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградамен марапатталды. Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы «Қазақстан темір жолы» компаниясының ардагері Қалтай Сәмбетовке берілді. Ол 66 жыл үздіксіз жұмыс істеп, теміржол саласын және көлік инфрақұрылымын дамытуға зор үлес қосқан. Ең жоғары мемлекеттік награда көлік саласының өкіліне алғаш рет табысталып отыр.

Сондай-ақ былтыр мемлекеттік наградалар жүйесіне 9 жаңа құрметті атақ енгізілді. Соның бірі – «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері». Бүгін бұл құрметті атақ еңбек ардагерлері – Борис Исинамановқа, Владимир Аверкинге, Қанат Шайминге және Андрей Горватқа берілді.

Жиында сала ардагері, «Қазақстанның Еңбек Ері» Қалтай Сәмбетов, «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы Бұқтырма шлюзінің «Тайфун» сүңгуір станциясының капитаны – жоғары санатты механигі Владимир Аверкин, «Шымкент әуежайы» АҚ ұшу аппараттарын жуушы Нұрзейнеп Пірманова сөз сөйледі.

ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІНЕ ХАТ ЖОЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Анкараға ресми сапары кезінде қонақжайлық танытқаны үшін Президент Режеп Тайип Ердоғанға шынайы ризашылығын білдіріп, хат жолдады.

Қазақстан Президентінің пікірінше, Түркия астанасында өткен келіссөздер екіжақты ынтымақтастықтың бауырластық, өзара сенім және стратегиялық серіктестік рухында дамып, бұрын-соңды болмаған жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетеді. Еліміз Түркиямен БҰҰ, Түркі мемлекеттері ұйымы және басқа да халықаралық құрылымдар аясындағы ықпалдастықты жоғары бағалайды. Сондай-ақ Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті институттандыру процесіне тұрақты қолдау білдіргені үшін алғыс айтады.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысты жиын өткізді. Жиында білім беру мекемелеріндегі тәрбие жұмысының мазмұнын байытуға және оның сапасын арттыруға мүмкіндік беретін тәсілдер мен ұстанымдар талқыланды.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Басқосуда Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының басшысы Нәзипа Аюбаева баяндама жасады. Мемлекеттік кеңесші педагогтардың алдағы Тамыз кеңесінде мектептердегі тәрбие жұмысын одан әрі жетілдіруге арналған тақырыптық алаңдар ұйымдастыруды тапсырды. Бұл ретте Ерлан Қарин тәрбие жұмысына жан-жақты қарап, мемлекет, мектеп және ата-ана бірге атсалысуы қажет екеніне назар аударды. Сонда ғана бұл жұмыс табысты болады. Жиын соңында мемлекеттік органдарға барлық білім беру мекемесіне «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу жұмысын жалғастыру туралы тапсырма берілді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Google жер бетін анық түсіруге қабілетті жасанды интеллект моделін таныстырды.

Көлемі терабайт емес, петабайттан тұратын деректерді біріктіріп, ғаламдық картография мен мониторинг жүйесіне өзгеріс енгізетін Alpha Earth Foundations атты жасанды интеллект моделі виртуалды спутник секілді жұмыс істейді. Ол құрлықтарды, жағалау маңында орналасқан аймақтардың жай-күйін сипаттап, деректерді сандық бейнеге айналдырады. Әрі қарай оны компьютер оңай өңдей береді.



Еуропалық Одақ шетел азаматтарының аймаққа кіріп-шығуы үшін тіркеудің электрондық жүйесін енгізеді.

Технологияға адамдардың саусақ ізі, бет-бейнесі сияқты биометрия мәліметтері жинақталады. Жүйе шекара қауіпсіздігін күшейту және Шенген аймағында рұқсат етілген мерзімнен артық жүрген саяхатшыларды анықтау үшін жасалған. Ол 6 ай ішінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Осы уақыт ішінде Еуроодаққа мүше мемлекеттер өз шекара бекеттерін толық жабдықтап үлгеруі тиіс.



АҚШ-та жүргізушісіз такси қызметі кең тарап келеді. Илон Масктың Тесласының алдын орап кеткен Wayto компаниясының автономды көліктері қазір аптасына 250 мыңнан астам сапар жасайды.

Жаңа технология арқасында Феникс пен Лос-Анджелесте жол апаты айтарлықтай азайған. Қос қаланың ізімен басқа шаһарлар да роботакси қызметін іске қосуға ниетті. Қазір Остин, Атланта, Филадельфия сияқты ірі қалалардың кей аудандарында жолаушыларды осындай таксилер көп тасиды.

№90 (4834) 02/08/2025 Сенбі



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында 4 мәселе қаралды. Осы кеңестің мүшесі Кәрімбек Құрманәлиевтің төрағалығымен өткен жиынға кеңестің 31 мүшесінің 21-і, БАҚ өкілдері қатысып, 4 баяндамашыны тыңдаған соң, сұрақтарын қойды.

Райхан РАХМЕТОВА

Алдымен кәсіпкерлік бастамаларды қолдау және әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов баяндады. Оның айтуынша, қазіргі уақытта қалада 258000 кәсіпкер бар, олардың саны былтырғыдан 10 пайыз артқан.

– Шағын және орта бизнес – Астана қаласы экономикасының негізі. Қала экономикасына қосатын үлесі 68 пайыздан асады. Жыл басынан бері 10 мың жаңа кәсіпорын ашылды. ШОБ 528 мыңнан астам еңбекке қабілетті елордалықты жұмыспен қамтып отыр. 2,3 трлн теңгенің өнімін өндіреді, – деді басқарма басшысы.

Отырыста екінші қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтың «Біртұтас тәрбие» және «Адал азамат» бағдарламаларын іске асыру жөніндегі есебі тыңдалды. Азаматтық қоғамның әлеуметтік саясат саласындағы мүддесін білдіру жөніндегі комиссия елорданың білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының мазмұнындағы оң өзгерістерді, сондай-ақ оның оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға ауқымды әсер еткенін атап өтті.

Үшінші тақырып «Астана қаласының су объектілерінде су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы №205-2263 қаулысына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов баяндады.

Соңғы мәселе – «Спорт түрлері бойынша ҚР құрама командаларының құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша ҚР құрама командаларының құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клуб командалары жетекшілерінің ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 наурыздағы №112-754 қаулысының күші жойылды деп тану туралы Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Азамат Ағзамов айтып берді. Барлық мәселе бойынша ұсынымдар мен ескертулер айтылды және кеңес мүшелері сұрақ қойып, шешімдерді бірауыздан қабылдады.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» БАСТАЛДЫ

Кеше «Мектепке жол» республикалық шарасы басталды. 30 қыркүйекке дейін жалғасатын іс-шара аясында тұрмысы төмен, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға демеушілік қаржы есебінен көмек көрсетіледі. Бұл жөнінде қалалық коммуникациялар қызметінің алаңында елорданың Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев баяндады.



Оның айтуынша, аталмыш акция аясында бас қалада 8500-ден астам баланы қамту жоспарланған. Оларға мектеп рюкзактары мен оқу құралдары беріледі. Жоғарыда аталған санаттарға жататын балалардың ата-аналары растайтын құжаттарды мектепке ұсыну керек. Әлеуметтік педагогтар 1-сынып оқушылары мен жаңадан келген оқушыларды есепке алғанда тиісті тізімді әзірлейді.

Түсінбейтін жағдайлар болса, 55-69-20 телефон нөміріне – Білім басқармасына хабарласуға болады, мектептердің жанында азаматтардың өтінішіне жедел әрекет ету мақсатында қоғамдық қабылдау кабинеттері ашылған. Бұған қоса, «Мейірімді қолдар» акциясының аясында ірі сауда үйлері мен сауда-ойын-сауық орталықтарында оқу құралдары мен мектеп тауарларын жинауға арналған контейнерлер орнатылады. Қазір дайындық жұмысы жүріп жатыр. Атап айтқанда, олар Нұра ауданында «Сарыарқа» ОСО, «Tumar» СҮ, Байқоңыр ауданында «Аймақ-Тау», «Жаннұр» СҮ, Сарыарқа ауданында «Көктал» ОСО, «Рахмет» СҮ, «Шапағат» базары, Сарайшық ауданында «Damu Mall» ОСО, Алматы ауданында «Аружан» ОСО қойылады.

Серік Әділбаевтың айтуынша, 2025-2026 оқу жылында жалпыға бірдей білім беру қорынан берілетін көмекпен елордадағы 12734 баланы қамту жоспарланған. Алдағы оқу жылында бір балаға берілетін көмек 46228 теңгені құрайды.

NASA мен Үндістанның ғарыш агенттігі бірлесіп жасаған NISAR спутнигі сәтті ұшырылды.

Бұл – жер бетіндегі климат өзгерістерін бақылайтын алғашқы орбиталық құрылғы. Оның құны – 1,5 млрд доллар. Аппарат екі диапазондағы L және S радарлармен жабдықталған. Ол мұздықтардың еруі сынды қауіпті анықтап, жер бедеріндегі өзгерістерді 12 күн сайын жаңартып отырады. NISAR жинаған деректер әлем зерттеушілеріне қолжетімді. Жоба табиғи апаттардың алдын алуға сеп болмақ.



Қытай 75 елге 30 тәулікке дейін визасыз режим енгізді. Мұндай шара туризмді дамытып, мемлекет имиджін жақсартуы тиіс.

Бұл туралы осы елдің ұлттық көші-қон қызметі хабарлады. Олардың айтуынша, тізімде бұған дейін Еуропа, Азия, Таяу Шығыс пен Латын Америкасынан 38 мемлекет қана болған. Соған қарамастан, әуе билеттері мен қонақ үйді алдын ала брондау көрсеткіші былтырмен салыстырғанда екі есе өскен. Ал туристердің шамамен 75 пайызы визасыз режим енгізілген аймақтардан келген.

Елорданың Сарайшық ауданында әкімдіктің қолдауымен №69 жаңа учаскелік полиция бекеті ашылды. Нысан Шәмші Қалдаяқов көшесі, 23/1 мекенжайында, Bravo Family тұрғын үй кешенінің бірінші қабатында орналасқан.

БІРІНШІ ҚАБАТТА – ПОЛИЦИЯ БЕКЕТІ



Ашылу салтанатына Астана қалалық Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев, Сарайшық ауданының әкімі Мақсат Саматұлы, қалалық мәслихат депутаты Мәдина Әжікенова қатысты.

Оның жалпы ауданы – 115,8 шаршы метр. Онда қоғамдық тәртіпті сақтау, тұрғындардың өтінішіне жедел әрекет ету және алдын алу шараларын жүргізу мақсатында 6 қызметкер жұмыс істейді. Учаскелік бекет заманауи техникамен, жеке қабылдау бөлмелерімен және азаматтарды қабылдауға арналған кабинеттермен жабдықталған. Қызмет көрсету аумақтарында әлеуметтік маңызы бар және стратегиялық нысандар мен 2 мектеп және өзге де мекемелер орналасқан.

«Жаңа бекеттің ашылуы бұл жай ғана инфрақұрылым емес, ол әр ауданда полицияның жұмысын күшейтеді. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында біз халыққа барынша жақын болуға, жедел әрекет етуге және әрбір тұрғын үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыруға тырысамыз» деді Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев.

Енді тұрғындар өз ауданынан шықпай-ақ учаскелік полиция инспекторларының көмегіне жүгіне алады. Жаңа учаскелік бекеттің ашылуы – азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам.

ДӘРІГЕР ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Астана қаласының 6 стационарында медицина жұмыскерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тәулік бойы қызмет көрсететін күзет бекеті ұйымдастырылды.

Аталған шара пациенттермен бірге келетін адамдардың медициналық персоналға шабуыл жасау жағдайының жиілеуіне байланысты қабылданды. Қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының хабарлауынша, күзетті ІІМ жүйесіне кіретін Полиция департаменті жанындағы мамандандырылған күзет қызметінің мамандары қамтамасыз етеді.

«Медицина жұмыскерлерін құқықтық тұрғыдан қорғауды күшейту және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мақсатында Полиция департаментімен бірлесіп тәулік бойы күзет бекеті ұйымдастырылды. Полиция қызметкерлері оқыс оқиғалар жиі болатын қабылдау бөлмелерінде кезекшілік қызметін атқарады. Азаматтардың құқыққа қайшы келетін әрекеті туындаған жағдайда, полиция қызметкерлері олардың алдын алу үшін заң аясында әрекет етуге құқылы. Соңғы кездері дәрігерлерге қатысты негізсіз сипаттағы агрессия жағдайлары жиі болады. Дәрігер ауыр жарақат алған Қостанай облысындағы соңғы резонанстық жағдай осындай шаралардың қажет екенін растайды» дейді Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Қадыр Жарасбаев.

Бүгінде күзет бекеттері ересектерге арналған 3 қалалық көпсалалы ауруханада, №2 қалалық балалар ауруханасында және 2 республикалық клиникада ұйымдастырылды. Жақын арада Полиция департаментімен бірлесіп №1 және №3 көпсалалы балалар ауруханаларында, сондай-ақ қалалық перинаталдық орталықта күзет бекетін орнату мәселесі пысықталуда. Медицина жұмыскерлері аталған бастаманы қолдап, оның қауіпсіз және тұрақты жұмыс ортасын құруға ықпал ететінін атап өтті.

«Қауіпсіздік бекеті – біздің іс жүзінде қорғалғанымыздың белгісі. Қабылдау бөлімінде тәулігіне түрлі жарақаты бар, әртүрлі жағдайды басынан өткерген 400-ге жуық адам жүгінеді. Біз пациенттердің ғана емес, сонымен қатар олардың туыстарының да агрессиясына тап боламыз. Барлығы шұғыл көмекті қажет етеді, ал медициналық көмек Triage сұрыптау жүйесі бойынша жүзеге асырылатыны ескерілмейді. Әр пациенттің өзіндік «басымдық дәрежесі» бар. Бірақ өкінішке қарай, дәрігерге деген құрмет жоқ» деді №2 көпсалалы қалалық ауруханың қабылдау бөлімінің меңгерушісі Мәдина Табылдықызы.



№90 (4834) 02/08/2025 Сенбі

АГРОҚАЛАШЫҚ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Бүгінде елорданың Агроқалашық тұрғын алабында 72 мыңға жуық адам тұрады. Сарыарқа ауданына қарайтын аталмыш елді мекен тұрғындарымен аудан әкімі Жанасыл Шәукентаев кездесіп, осында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Оның айтуынша, абаттандыру бағытында өткен жылы 4 аула аумағы кешенді түрде абаттандырылды. Олар Конституция көшесі 14/1, 20/2, К.Байсейітова көшесі 8, Рауан шағын ауданы 19 мекенжайларында орналасқан. Биыл тағы 3 аулада және бұрын бос жатқан Шынтас тұйық көшесіндегі бір қоғамдық кеңістікте абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы соңғы 4 жыл ішінде тұрғын алапта 7 қоғамдық кеңістік абаттандырылды.

«Сарыарқа ауданы – қаланың ең жасыл аудандарының бірі. Осы жылдың өзінде тұрғын алаптарда 2760 түп жасыл желек, оның ішінде 1430 ағаш отырғызылды» деген аудан әкімі жарықтандыру және жол инфрақұрылымы мәселелеріне тоқталды.

Қазіргі таңда Агроқалашық тұрғын алабында 87 көше мен тұйық көше жарықтандырылған. Конституция, Қарасай батыр және К.Байсейітова сияқты негізгі көшелерде қосымша шамдар орнатылып, жарық сапасы жақсарды.

Аталмыш тұрғын алапта барлығы 97 көше бар. Оның 68-іне асфальт төселген. Соңғы 3 жылда 24 көшеге асфальт төселді. Биыл орташа жөндеу аясында 5 көшеде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі уақытта А.Герцен көшесін орташа жөндеу жұмыстары жалғасуда.

«Су тасқынының алдын алу – тұрғындар үшін маңызды мәселе. Соңғы 3 жылда Агроқалашық тұрғын алабында 11 мекенжай бойынша арық-лоток желісі салынды. Жалпы ұзындығы 7 шақырым болатын арық жүйесі пайдалануға берілді» деді Жанасыл Шәукентаев.

Тұрғындармен кездесу 3,5 сағатқа созылды. Онда халықты мазалап жүрген сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар берілді.

МЕКТЕПТЕГІ ЖЫЛЫЖАЙ

«Таза Қазақстан» ауқымды экоакциясы аясында елорданың №83 мектеп-гимназиясында ерекше бастама іске асуда. Мектеп ауласындағы жылыжай толыққанды жұмыс істеп, оқушылардың табиғатқа, еңбекке деген сүйіспеншілігін арттырған нағыз оқу-тәжірибе алаңына айналды.



Жылыжайда мектеп оқушылары мұғалімдермен бірлесіп белсенді түрде еңбек етті. Олар көкөніс егуден бастап, күтіп-баптау, суару, тыңайту, өнім жинау секілді жұмыстарға өз қолымен атсалысты. Бұл бастама балаларға жауапкершілік пен еңбеккорлықтың маңызын ұғындырып, табиғатпен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

Жылыжайда түрлі көкөніс өседі. Атап айтқанда, қияр, қызанақ, кольраби, шалғам, сәбіз, қызылша, брокколи, орамжапырақ, салат жапырағы, дайкон, ақ желкен және көк жуа сияқты пайдалы дақылдар мол өнім берді. Олар мектеп асханасында пайдаланылып, балалардың дұрыс тамақтануына оң әсерін тигізді.

Мектеп әкімшілігі мен ұстаздар бастаманың болашақта кеңейіп, оқушылардың экологиялық және аграрлық сауатын арттыруға қызмет ететініне сенімді. Жазғы демалыс уақытында мектеп жанындағы жылыжай мен егін – «Жасыл ел» бағдарламасы оқушыларының қарауында.

ТЕМІРЖОЛШЫНЫ БАУЛИДЫ

Ел экономикасының күре тамыры саналатын темір жол саласының қызметкерлері жыл сайын тамыздың бірінші жексенбісінде төл мерекесін атап өтеді. Биыл бұл мереке 3 тамызға түсіп тұр. 110 мыңнан астам адам еңбек ететін ҚТЖ компаниясында биыл осы мерекеде 1400-ден астам адам түрлі марапатқа ие болды. Соның ішінде бірқатары Мемлекет басшысы мен Премьер-министрдің қолынан марапатын алды. Солардың бірі – «ҚТЖ» ҰК»АҚ-тың Астанадағы Темір жол көлігі персоналын дамыту және бағалау орталығының өндірістік оқыту шебері, «Құрметті теміржолшы» атағының иегері Асқар Шоқулбаев.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Райхан РАХМЕТОВА



Салада 30 жылға жуық тәжірибесі бар теміржолшы еңбек жолын Аягөз депосында машинист көмекшісі болып бастаған. Одан соң машинист, локомотив бригадаларының нұсқаушысы, қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бас ревизор, локомотив бригадаларының жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. Теміржолға жаңа сериялы тепловоздарды енгізу барысындағы жұмыстардың бел ортасында жүрді. ҚТЖ бизнес трансформациялау бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысты. 2018 жылдан бастап бүгінгі қызметін абыроймен атқарып, мамандарды оқытуда өзінің мол тәжірибесін көрсетуде. Білігі жоғары өндірістік оқыту шебері өз бағдарламасында ең озық деген әдістер мен педагогикалық технологияларды қолданады. Орталықта жұмыс істеген жылдар ішінде ол 50-ден астам типтік оқу жоспары мен жұмыс бағдарламалары, электронды курстарды әзірлеп, қолданысқа енгізді. Сонымен қатар ол – 3D модельдеуді енгізу бойынша инновациялық оқу бағдарламасын әзірлеген жұмыс тобының белсенді қатысушысы.

– Теміржол саласындағы мамандар білігін арттыру – қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету жолындағы маңызды қадам. Сондықтан оларды оқытуда дидактикалық материалдар, шығармашылық тапсырмалар, тәжірибелік жаттығуларды ұсына отырып, кәсіби деңгейін арттыруға басымдық беремін. Жаңа технологиялар үздіксіз енгізіліп жатқан дәуірде бізге үнемі ізденіс керек. Сондықтан ылғи заң мен нормативтік құжаттар, локомотив шаруашылығы, өндіріс қауіпсіздігі, еңбек қорғау, электр қауіпсіздігі бойынша арнайы әдебиеттерді оқып, зерделеп отырамын, – дейді теміржолшы.

Теміржол көлігін дамытудағы осындай табанды еңбегі бағаланып, көптеген марапатқа ие болды. 2013 жылы «Адал еңбегі үшін» салалық медалімен марапатталса, 2022 жылы «Құрметті теміржолшы» атағын алды. Ал биыл Премьер-министр Олжас Бектеновтің қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алып, құрметке бөленді.

ӘКЕ ЖОЛЫН ҚУҒАН

Астана электротехника зауыты – электротехника жабдықтарын өндіретін еліміздегі ірі кәсіпорындардың бірі. Өнімдері тұрғын үй құрылысында, өнеркәсіпте, энергетикада, тау-кен секторында және ауыл шаруашылығында қолданылатын зауыт жас кадрларды дайындауға ерекше көңіл бөледі. Соның бірі елорданың кәсіптік-техникалық колледжінің түлегі Сергей Белыйдың кәсіпорында жұмыс істеп жатқанына 4 айға жуықтады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ



Сергей әкесінің жолын қуып, слесарь-құрастырушы болып еңбек етеді. «Әке көрген оқ жонар» демекші, отбасындағы тәрбие осы жолға салды. Кез келген еңбектен қаршадайынан қашпады. Сондықтан өсе келе жұмысшы мамандықты таңдап, кәсіптік-техникалық колледжге оқуға түсті. Практиканы дәл осы Астана электротехника зауытында өтті. Кәсіпорын басшылығы таудай талабын байқап, оқуын бітіргеннен кейін жұмысқа алды.

Айтпақшы, Сергей студент кезінде WorldSkills чемпионатына қатысып, тәжірибе жинақтады. Ал қазіргі жұмысы өзіне ұнайды. Мұндағы жалақы атқарған жұмыс көлеміне қарай есептеледі. Қолына ең кем дегенде 300 мың теңге тиеді. Кейде одан да асып кетеді. Кәсіпорын жұмыс киімімен қамтамасыз етеді, асхана жұмыс істейді. Сондықтан жас маманға алаңсыз жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған.

Астана электротехника зауытында осы күндері 250-ден астам маман еңбек ететінін айта кетейік. Зауыт кернеуі 0,4 кВ-тан 110 кВ-қа дейінгі электр жабдықтарын жобалаудан монтаждауға шейін орындай отырып, азаматтық және өнеркәсіптік нысандар үшін жоғары технологиялық жабдықтар шығарады. Кәсіпорын Қазақстанның жетекші құрылыс, энергетика және өнеркәсіп компанияларымен, соның ішінде BI Group, BAZIS-A, SAT NS, «Қазақмыс» тобымен, KZ Агромашхолдингімен, Kaz Minerals компанияларымен ынтымақтастық орнатқан.

№90 (4834) 02/08/2025 Сенбі

ТУРИСТІК ПОЛИЦИЯ ТЫНЫСЫ

Туристік полиция қызметкерлері – бұл тек құқық тәртібін қамтамасыз ететін мамандар емес. Олар – ел туралы алғашқы әсерді қалыптастыратын тұлғалар. Олардың басты міндеті – қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шетелдік және отандық туристер үшін достық пен жайлылық атмосферасын қалыптастыру. Ағылшын, неміс, түрік, қытай және басқа да тілдерді меңгерген туристік полиция қызметкерлері кез келген қонақпен оңай байланыс орната алады. Олар туристерге жағдайды түсіндіреді, тосын жайттарда көмек көрсетеді, қажет болса, бағыт-бағдар беріп, елге құрметпен, сыпайы әрі сабырлы түрде қызмет етеді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары кезінде Астанадағы туристік қызмет көрсету взводының патрульдік полиция полкі қызметкерлері өздерінің жедел жұмысын дәлелдеді. Үндістаннан келген делегация құрамындағы қонақ маңызды жеке және жұмыс ақпараты бар телефонын жоғалтып алған. Туристік полиция небәрі 40 минут ішінде құрылғыны тауып, иесіне қайтарып берді. Тағы бір жағдай – Астана орталығында АҚШ-тан келген туристер баласын жоғалтып, полицияға жүгінді. Полицейлердің үйлесімді жұмысының арқасында бала жылдам табылып, ата-анасы саяхатын тыныш жалғастырды. Қытайлық туристерге көмек көрсету де өзекті. Полиция аға лейтенанты Жеңіс Өнербек қытайлық қонақтарға туған тілінде тұрақты түрде қолдау көрсетеді.



> Астана – заманауи тұрғыдан қарқынды дамып келе жатқан қонақжай қала. Мұнда жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен ондаған мың турист келеді. Бөгде елге сапар – бұл жаңа әсер мен күтпеген жағдайлардың үйлесімі. Әсіресе егер бәрі жоспар бойынша бола қоймаса, мәселен, телефон жоғалып кетсе, бала адасып қалса немесе жергілікті тұрғындармен түсініспеушілік орын алса қиын. Мұндай сәтте туристерге қолдау мен көмек ауадай қажет. Астанада бұл міндетті кәсіби түрде туристік полиция атқарады.

Туристік полиция негізгі туристік нысандар маңында – «Бәйтерек» монументі, «Бейбітшілік және келісім сарайы», ірі сауда ойын-сауық орталықтары, жағалаулар, жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар, «ЭКСПО» көрме орталығы мен басқа да халық көп шоғырланған орындарда тұрақты патрульдік рейдтер жүргізеді. Жаз мезгілінде полицейлер саябақтарды, жағалаулар мен жаяу жүргіншілер жолдарын экологиялық электромобильдермен күзетеді. Бұл олардың жұмысын анағұрлым мобильді әрі заманауи етеді.

Туристік полицияның болуы – бұл тек құқық бұзушылықтың алдын алу мен туристердің құқықтық сауаттылығын арттыру ғана емес. Бұл – құқық қорғау жүйесіне деген сенімділік, елдің оң бейнесін қалыптастыру және қауіпсіз, жайлы, қонақжай бағыт ретінде Қазақстанның халықаралық беделін арттыру.

ЖЕТКІНШЕК ТҮНДЕ ЖОРТПАСЫН!

Астанада жыл басынан бері жасөспірімдер қолымен жасалған 114 қылмыстық факті анықталып, тіркелді. Әкімшілік жауапкершілікке 5891 адам тартылған. Соның ішінде 4431 факті кәмелет жасқа жетпегендердің түнгі уақытта, яғни 23.00-ден кейін заңды өкілінсіз жалғыз жүруіне байланысты болып отыр.

Бұл алдыңғы жылдан екі есе көп. ІІМ жасөспірімдер арасында қылмыстарды болдырмау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 27-29 шілде аралығында «Түнгі қаладағы балалар» республикалық жедел-алдын алу іс-шарасын өткізді.

Астанадағы Сарыарқа аудандық Полиция басқармасында тәртіп сақшылары бұл іс-шараны өткізуге кешкі сағат 18.00-ден бастап шықты. Олардың айтуынша, көбіне жасөспірімдер сауда ойын-сауық орталықтарында, саябақтарда, компьютерлік және түнгі клубтарда түнгі уақытта көп жүреді. Негізгі назар түнгі уақытта қоғамдық орындарда ата-аналарынсыз немесе заңды өкілдерінсіз жүрген кәмелетке толмаған жасөспірімдерге аударылады. Сондықтан алдымен олар ауданда жасөспірімдер көп баратын нысандарға барып ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Одан әрі 22.00-ден бастап ойын-сауық орталықтарына барып, сонда ата-анасынсыз жалғыз жүрген 18-ге жасқа толмаған балаларды тексерді. Ал қалған орындардың бәрінде 23.00-ден бастап тексеруді күшейтті.

– Іс-шараның мақсаты – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ олардың түнгі уақытта ересектерсіз қоғамдық орындарда жүруіне жол бермеу. Ата-аналар және балалармен кездесу барысында біз әсіресе, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабының сақталуына назар аудартамыз. Аталған баптың 2-бөлігіне сәйкес, кәмелетке толмаған тұлғаның түнгі уақытта (сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін) қоғамдық орындарда ата-анасының немесе заңды өкілсіз жүруі әкімшілік құқық бұзушылық болып саналады. Мұндай құқық бұзушылық үшін ата-аналарға ескерту, 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл қарастырылған. Жасөспірімдерге қатысты бұл биыл өтіп отырған үшінші жедел алдын алу іс-шарасы, – дейді Астана қалалық Жергілікті полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Қанат Нысанбаев.



Сарыарқа ауданы Полиция басқармасы ювеналдық учаскелік полиция инспекторы, кәмелет жасқа толмағандар ісі жөніндегі полиция лейтенанты Айзада Ергешованың айтуынша, көбіне түнге қарай жалғыз жүргенде ұсталатындар – 12-16 жастағы жасөспірімдер.

– Бұл бапты білмейтіндер баласын түнгі 23.00-ден кейін үйінің жанындағы дүкенге нан, сүт алып келуге жұмсауы мүмкін. Егер сол уақытта тәртіп сақшыларының көзіне түсіп қалса, олар баланы ұстауға құқылы. Бұл жағдай арнайы заңда көрсетіліп тұрғандықтан баланың ата-анасы жауапкершілікке тартылып, хаттама толтырылады. Осындай жағдай аталған отбасында екінші рет қайталанса, айыппұл салынады. Негізі кәмелет жасқа жетпеген бала түнгі уақытта өз тұрғын үйінің табалдырығынан сыртқа аттаған сәттен бастап заң бұзған болып саналады. Кейбір жасөспірімдер жұмыс істеп, үйге кеш қайтып келетіндігін айтып, ата-аналары бізге шағымданады, бірақ заң бәріне ортақ, ондай жағдайда бала тез такси ұстап, үйіне жетуі керектігін түсіндіреміз. Ал таңға дейін жүретін 16 жастан асқан жастар көбіне достарын туған күнімен құттықтау үшін сыртта жүріп қалады, бұған да жол беруге болмайды. Жалпы әрқайсысы әртүрлі себеппен ұсталады, – дейді А.Ергешова.

Түнде ата-анасынсыз жүрген жасөспірімдер полиция бөлімшесіне жеткізілген соң оларға инспекторлар заңды өкілі келгенге дейін түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Ата-анасы келген соң да заң талаптарын айтып, үйіне қайтарады. Екі күнде аталған іс-шара барысында Сарыарқа ауданы бойынша заң талаптарын бұзған 200-ге жуық кәмелет жасқа толмаған жасөспірім ұсталып, заңды өкілдеріне 150-ден астам хаттама толтырылды. Ал Астана қаласы әкімдігі жанындағы арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына 9 бала орналастырылған.

Елордадағы мектептерде жазғы демалыс басталғалы «Қауіпсіз терезе» және «Балалар қауіпсіздігі» тақырыптарында ақпараттық-түсіндіру дәрістері өткізілді. Ата-аналар мен оқушыларға арналған іс-шараларды Астана қалалық Білім басқармасы, қалалық Полиция департаменті бірлесіп ұйымдастыруда.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Кезекті осындай іс-шара Сәкен Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназияда өтіп, оған жазғы лагерьде демалып жүрген балалар мен олардың ата-аналары, аталған мектеп ұстаздары қатысты. Жиында оқушыларға тұрмыста және қоғамдық ортада сақталуы тиіс қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, құқықтық жауапкершілік туралы ақпарат берілді, сонымен қатар қауіпсіз өмір салтының маңызы ұғындырылды. Бұл жұмыстарды жүргізуге Астана қаласы Білім басқармасының кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің бас маманы Гүлсім Хасенова, Сарыарқа ауданы Полиция басқармасы ювеналдық учаскелік полиция инспекторы, ювеналдық полиция басқармасы Кәмелет жасқа толмағандар ісі жөніндегі полиция лейтенанты Айзада Ергешова, Психологиялық қолдау орталығының психологы Яков Борисов атсалысты.

– Қауіпсіздік – әр бала үшін маңызды, бұл әр ересектің жауапкершілігі. Сондықтан мұндай дәрістер Астана қаласының барлық мектебінде өтіп жатыр. Қазіргі таңда білім беру орындарында Ата-аналарды психологиялық қолдау орталықтары жұмыс істейді. Сол орталықта ата-аналармен өткен ашық сұхбат кезінде құқықбұзушылықтың, суицидтің және буллингтің алдын алу мәселелерін көтердік. Оларды қазіргі таңда мазалайтын мәселелерді бірге шешуге шақырдық, – дейді Г.Хасенова.

Іс-шараның бағдарламасына сәйкес алдымен балалар қауіпсіздігіне арналған интерактивті дәріс өтті, сосын құқықтық сұрақтар бойынша мамандардың түсіндіру жұмыстары жүргізілді, балаларға жолда жүру ережелері түсіндірілді. Лагерьде демалып жүрген бастауыш сынып оқушылары «Жас жол сақшылары» көрінісін қойды.



БАҚЫЛАУ КҮШЕЙДІ

Жыл басынан бергі 6 айда елорда аумағында 889 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, соның салдарынан 13 адам қайтыс болды, 1074-і жарақат алды. Бұл туралы Астана қалалық Полиция департаменті жергілікті полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Нұрлан Қапаров ақпарат берді.

Осы аралықта жол қауіпсіздігі мен көше-жол желісінің даму жағдайы әкімдік, мәслихат және шеринг компаниялар, көлік қауымдастығы өкілдері, жүк тасымалдаушылар және көлік жүргізушілермен бірге 6 рет тексерілген. Биыл 14-16 қаңтар, 5-7 маусым, 21-23 шілде аралығында «Тасымалдаушы» акциясы өткізілсе, 2,8,15 маусымда «Жолдағы қабылдаушы», 19-23 мамыр аралығында «Борышкер», 5-7 және 28-30 наурызда «Автобус», 18-20 ақпан мен 19 сәуір және 20 маусым аралығында «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шаралары ұйымдастырылған. Қоғамдық көлікте жолаушыларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздікті арттыру үшін автопарк басшыларымен 4 жұмыс кездесуі және көлік тәртібі бойынша көлік жүргізушілерімен 153 дәріс өткізілді. Автобустардың желіге шығуы барысындағы бақылау күшейтіліп, рейс алдындағы және медициналық тексерулер өткізілді. 19 жол белгісі орнатылып, бағдаршамдардың қосымша 8 секциясы іске қосылды, 38 көше қиылысындағы бағдаршамдардың жұмыс режимі өзгертілді.

– Көлік жүйесін дамытудың кешенді жоспары әзірленіп, сол бойынша басты көшелердің ішінен 6 көлік дәлізі анықталды. Автобустар бейнебақылау жүйесімен жабдықталып, сол арқылы көлік жүргізушілерінің тәртібіне мониторинг жасалады, – дейді спикер.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

№90 (4834) 02/08/2025 Сенбі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

БЕС ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС БЕДЕРІ

Түрлі саяси, әлеуметтік оқиғаларға толы 1995 жылды жаңа кезеңнің сындарлы сәті деп еске аламыз. Осы жылы ел тарихындағы орын алған нысаналы оқиғалардың ағысында «Ақмола ақиқаты» газетіне бес жыл толды. Газеттің өзіндік беті, оқырманның үмітін ақтайтын келбеті, көкейтесті оқиғаны қозғайтын сара бағыты анықталды. Қаламгерлер қағидасында газеттің өзі бір күндік, сөзі мың күндік деген бар. Бұл күндер табаны күректей 35 жылға да жеткенін бүгінгі күні дәлелдеп отыр.

Қоғамымызда кездесіп отырған экономикалық қиыншылықтар қалалық газеттерді де сырт айналып кеткен жоқ. Газет қызметкерлерінің жалақысы мен баспа шығындарына ақша болмай қалған кездер де болды. Редакция ұжымынан біраз журналистердің кетіп жатқанын да біліп отырдық. Қалалық әкімшілік пен мәслихат депутаттарымен қолдан келген көмегімізді жасап, газеттер шығарылымының тоқтап қалмауына бар күш-жігерімізді салып келеміз. Қазіргі күндерде еңбекақының аздығына, жұмыстарының түрлі қиыншылықтарға кездескеніне қарамастан қызметтерін жалғастырып отырған газет журналистері мен техникалық қызметкерлерге үлкен алғыс білдіреміз! Өйткені сексен мыңдай қазақ тұратын қаламызға мемлекеттік тілде шығатын «Ақмола ақиқаты» газеті қажет» деп қала әкімі А.Бөлекбаев газет ұжымын құттықтапты.

Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетінің бас редакторы Жомарт Әбдіхалықов, бес жыл бұрынғы жағдайды еске алып: «Ол кездегі қайта құру, жаңаша түлеу, жалпы қоғамдық-саяси ахуал қалалық орысша, қазақша екі газеттің шығуына мүмкіндік бергені рас, бірақ дербес редактор басшылық ететін, қазақша газеттің – «Ақмола ақиқатының» шығуы «болмашы» дауға түсті, дегенмен ұсыныс-тілегіміз, дәлеліміз өтті. Міне, содан бері сәби жасындай бес жыл уақыт лезде өткен. Тіршілік дөңгеленіп неше түрлі күй кешуде. Қандай қиындыққа, тапшылыққа қарамастан екі газет қызметінің мақсаты да, міндеті де өлшеусіз. Оның қиындығы мен ауыртпалығы соған пара-пар. Мұны қалалық төлтума басылымның өткен бес жыл ішіндегі жеткен жетістігі, мазмұн сипатынан бұрынырақ ауызға алып отырғаным тегіннен-тегін емес. Біз, журналистер – әрдайым ел



СУРЕТТЕ. «Ақмола ақиқа ты» газетінің ұжымы.



өмірімен бірге еншілес адамдармыз. Тосын қарап, жат санайтын мәселе оның қызметінде болмақ емес. Әлеуметтік мүдде, елдік тыныстың түбегейлі мұраттары: нақты шаруашылық, мәдениет, ғылым, білім, өнер, әдеп-әдет, денсаулық сақтау, спорт мәселелері – ұдайы назардан түспейтін тақырыптар. Бұл ретте «Ақмола ақиқаты» дәстүрлі баспасөз қызметіне сай өз жүгін маңдайға жазған бір басылымдай көтеріп, шыңдалып-шынығып келеді.

Белгілі қоғам қайраткері Алдан Смайылов газетке жариялаған «Қазақтың сыртынан тон пішіп...» деген мақаласында шешімі күрделі мың бір жағдайдың шетін шығарыпты.

«Қазақстанның бірқатар облыстарында да, оның ішінде солтүстігінде қазақ мамандарының тұтқалы орындарда әлі аз екендігі, бар бола қалған күнде сол аймақтарда көпшілік болып отырған ұлттың тамыр соғысына белгілі дәрежеде алаңдауға тиіс екендігі, олардың кейбірі әсіресе, «сыншылар» талап етіп жүргендей, саяси күштердің ара салмағына көзді жұмып қойып, шыққан тегіне бұра тарта алмайтындығы және мұның түбінде опа бермейтіндігі талап етіледі. Шындығына келгенде, тәуелсіздік жылдары талай игі істер атқарылды.

Ақмоланы алып қарайық. Облыс бойынша қазақ мектептерінің саны 70-ке жуықтап, балабақшасы 80-нен асты. Қазақ драма театры құрылып, Сәкен Сейфуллинге әсем ескерткіш орнатылды. Ақын тойы мен Қанжығалы қарт Бөгенбайдың мерекесі дүрілдеп өтті. Қаладағы төрт жоғары оқу орындарының барлық негізгі факультетінде қазақша дәріс оқылды. Осындағы ауыл шаруашылығы институтында, республикадағы сол білім ошақтарының ішінде алғашқылардың бірі болып, қазақ тілінде диплом қорғалды. Жер, елді-мекен және көше аттары өзгертілуде.

Мұның бәрін жылы жауып қойып, басшы атаулы қазақ мәселесіне теріс қарайды деу – күпірлік. Қазақта «үй сыртында кісі бар» деген сақтық мәтел бар. Олардың қазаққа жасаған, кейде сырт көзден тасалап жасап жатқан шаруалары туралы көпке ашып айтудың реті жоқ, тек қолдан келгеніңді аяп отырмағанын сездірсек те жетікілікті.

Өз ішіңнен шыққан, ел басқарып отырған азаматтарға сын да керек, жігерін жанитын халықтық демеу де керек. Ақмолада қазақ қауымынан шыққан жетекшілер саусақпен санарлық. Оларға реті келсін-келмесін, ұсақ-түйек мін тағып, тайдырып жібергенде, біздің жағдайымызда бұл орындарға иісі қазақтың қайта келуі қиын екенін ескертпей тұра алмаймыз» дейді. Ашық айтпаса да, астарында көптеген нәрсе қылаң береді. Мақала оқи отырып, ол кездегі ахуалдың ушығып тұрғанын, қазақы ортаның белсенділігі мен ұйымшылдығының маңыздылығын түсінеміз. Осы ретте өз жолын айшықтап, танымаған «Ақмола ақиқатының» шоқтығы шынында да биік еді.

«АҚМОЛА АҚИҚАТЫ»: 1996-ның ОҚИҒАЛАРЫ

БАС ЖОСПАР ЖАСАЛУ ҮСТІНДЕ



1995 жылдың қараша айының басында Тұрғын үй құрылысы және Аумақтарды көріктендіру министрлігі (Қазақстан Республикасының Құрылыс министрлігі) мен Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағы бірлесіп, Қазақстанның жаңа астанасы – Ақмола қаласының болашақтағы даму бейнесінің тұжырымды идеясын жасау жөнінде ашық конкурс жариялаған болатын. Конкурстың мақсаты аймақтық және табиғи-климат ерекшеліктерін ескере отырып, құрылыс салынатын жердің орайына сәйкес, қала құрылысының тұжырымды идеясын айқындау, сөйтіп қаланың әлеуметтік дамуының бағыттарын белгілеуге байланысты және оларды неғұрлым оңтайлы жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарын талдап жасау еді.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген сәулетшісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Адамбек Қапанов жазғандай, конкурстың төрешілер алқасы ұсынылған 16 жобамен танысқан. Конкурсқа ұсынылған жобалардың барлық авторлық ұжымы бұл мәселеге өте жоғары ынта және шығармашылық белсенділік танытқанын атап көрсетті.

«Жаңа астананың халықаралық құрлықтар арасын жалғастыратын өзекті желі бойында орналасуы және бұл өңірдегі материалды-шикізат қорының жеткілікті екендігі, талас жоқ, қаланың және республиканың экономикалық потенциалы бұрынғыдан әлдеқайда арта түсуіне ықпал етеді. Мұның өзі Қазақстан аумағында халықтың біртіндеп жаңаша орналасуына әсер етпек. Салыстырмалы түрде алғанда, тарихи өткен кезеңдегі бір мысал, Қызылордадан астананың Алматыға көшірілуі мұндай жағдайдың жедел өзгеретінін айқын қуаттайды. Астана болған 50 жыл ішінде Алматы қаласының халқы 6 есе өсті және бұл жағдай белгілі дәрежеде қаланың тұйықта орналасуына, шикізат базасының сондай көп болмауына қарамастан, осылай қалыптасты. Ал аумағы жағынан ондай шектелуі жоқ Ақмоланың жедел дамып кетуіне мүмкіндігі бұдан әлдеқайда жоғары.

Қаланың құрылымы шағын көлемде жіктелетініне қарай есептегенде ондағы тұрғындар санының өсу мүмкіндігі мынадай: 2005 жылы 450 мың адам, 2030 жылға қарай 550 мың болмақ. Жобада мектеп жасына дейінгі мекемелердің, жалпы орта және арнаулы білім беретін мектептердің қажетті жүйесін салу қарастырылған» деп жазылған мақалада.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫН ТОҚТАТТЫ

Үстіміздегі жылдың 11 маусымында таңертеңгілік қаламыздағы Бейбітшілік көшесі мен Бөгенбай батыр даңғылының қиылысында зейнеткерлер ереуілге шығып, транспорт қозғалысын тоқтатқаны туралы «Оқыс оқиға» айдарымен С.Ырысдәулетұлының мақаласы жарық көрген. Онда №22 почта бөлімшесінің табалдырығын тоздырған қарт адамдар мамыр айының зейнетақысын талап еткен.

«Иә, ереуіл ерікеннің ермегі емес. Заман қыспағына түскен егде адамдар тұрмыс тауқыметін тартыпты. Мысалы, зейнеткер Разипа Ғабитова бейсенбі күні облыстық ауруханаға өкпесіндегі катерлі ісікке операция жасатпақ. Ал наркоз алу үшін мың жарым теңге қажет. Тығырыққа мараттар бой көтерер деген болжам айтады.

Дегенмен де алғашқы кезекте қолда барды жақсылап жөндеуден өткізіп, астаналық дәрежеге жеткізіп алса, құба-құп болатынын айта келе, автор «Міне, осындай ұтымды да тиімді ойлар үкіметтің де нысанасында болса керек. Ақмоладағы Тыңгерлер сарайы да жан-жақты жетілдірілген жөндеуден өткізілмекші. Сонымен 1963 жылы пайдалануға берілген Тыңгерлер сарайы қалпына келтіріліп, Ақмоланың ең көрікті ғимаратына айналмақ. Ал ескі ғимарат ескерткіш ретінде сақталады.

Зейнеткерлер талабы түске қарай орындалды. Қала әкімшілігінің араласуымен олардың зейнетақылары берілді. Бұл әрекет болашақта сабақ болса керек» делінген.

ТЫҢГЕРЛЕР ЕДІ, ЕНДІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТАНАДЫ

Ақмола қаласының дәл орталығында орналасқан Тыңгерлер сарайы шын мәнінде жаңа астананың мәртебесін көрсетуге лайық ғимарат екенін жаза келе, Ғ.Қосымжанұлы алдағы уақытта жаңа астанамызда әлі талай сәулетті де әсем ғимараттар бой көтерер деген болжам айтады.

Дегенмен де алғашқы кезекте қолда барды жақсылап жөндеуден өткізіп, астаналық дәрежеге жеткізіп алса, құба-құп болатынын айта келе, автор «Міне, осындай ұтымды да тиімді ойлар үкіметтің де нысанасында болса керек. Ақмоладағы Тыңгерлер сарайы да жан-жақты жетілдірілген жөндеуден өткізілмекші. Сонымен 1963 жылы пайдалануға берілген Тыңгерлер сарайы қалпына келтіріліп, Ақмоланың ең көрікті ғимаратына айналмақ. Ал ескі ғимарат ескерткіш ретінде сақталады. Ал наркоз алу үшін мың жарым теңге қажет. Тығырыққа тірелген қария ереуілге шығуға мәжбүр болыпты...

Зейнеткерлер талабы түске қарай орындалды. Қала әкімшілігінің араласуымен олардың зейнетақылары берілді. Бұл әрекет болашақта сабақ болса керек» делінген.

ТЫҢГЕРЛЕР ЕДІ, ЕНДІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТАНАДЫ

Ақмола қаласының дәл орталығында орналасқан Тыңгерлер сарайы шын мәнінде жаңа астананың мәртебесін көрсетуге лайық ғимарат екенін жаза келе, Ғ.Қосымжанұлы алдағы уақытта республикалық сарай мәртебесіне ие болмақ.

Жаңа астанадағы болашақ республика сарайын қайта жабдықтап, жетілдіру жұмыстарын Қазақстан Республикасы Газ және мұнай өндірістері министрлігі жүргізетін болып отыр» деп түйіндеген.

2000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ

15 қараша – ұлттық валюта – теңгенің шыққанына 3 жыл толуына орай 2000 теңгелік банкнот айналымға шығарылғаны туралы ақпарат жарияланған.

Банкноттың бет жағында күлгін-жасыл түс басым. Сол жағында тігінен қоңырқай түсті «Қазақстан Ұлттық банкі» деген жазу бар. Сол жағының төменгі бұрышында «2000» саны жазылған. Банкноттың ортасында қазақ тілінде номиналдың «Екі мың теңге» деген сөздері жазылған, оның астында «төраға» және «бас бухгалтер» деген жазу және Ұлттық банк төрағасының, бас бухгалтерінің қолы қойылып, 1996 жылы шығарылған деп жазылған.

Банкноттың оң жағында әл-Фарабидің суреті ою-өрнекпен көмкерілген. Суреттің астында оның есімі мен өмір сүрген жылдары көрсетілген. Суреттің оң жағына қарай тігінен құбылып тұратын металл жіп үзік-үзік болып өткізілген. Жарыққа ұстап қарағанда тұтас қара сызық болып көрінетін «қазақ» деген жазу бар. Сурет салынған төменгі жиегінде ою-өрнек жолақтары бар.

Банкноттың сол жағында әл-Фарабидің тура қарап отырған суреті су тамғысымен салынған. Сол жақ бұрышында республиканың елтаңбасы бейнеленген. Әшекейленген сол жақ жиегінде қосымша қорғау элементі – көлденеңінен орналастырылған үлкенді-кішілі екі әріпті сериялы нөмірі бар. Төменгі жағында қазақ тілінде «Банкноттарды қолдан жасау заңмен қудаланады» деген сөздер жазылған. Суреттің оң жағында тігінен үлкенді-кішілі екі әріпті сериялы қызыл түсті жеті таңбалы нөмірі бар. Сол жағында Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі.



Шапағат ӘБДІР

ТҰСАУКЕСЕРГЕ КӘРІС РӘСІМІ ҚАЙДАН КІРДІ?

Қазақта «кіндік кесу», «тұсау кесу» деген сияқты балаға қатысты жасалатын рәсімдер көпақ. Осы рәсімдердің қай-қайсысының болсын, ар жағына үңіле қалсаңыз, өзіңіз ойлап көрмеген философиялық ұғымдардың иірімі сізді өзіне тартып алып кетері анық. Ал жоғарыда айтқан екі рәсімге назар салсақ, екеуінде де кесу. Бірінші «кіндік кесу» рәсімі – бала дүниеге келгенде оның өмірге қадам басуы мен осы әлемге қабылдануының белгісі. Бұл жерде «кесу» сөзі тек қана физикалық әрекетті емес, сол сәттегі рухани мәнді білдіреді.



Ұғни, анасының ішкі әлемінен сыртқа шығып, өмірдің жаңа белесіне аяқ басқан баланың «жолын ашу» дегенді білдіріп тұр. Осы арқылы баланың анамен тығыз байланысты әлемі үзіліп, ол енді өзінше өмір сүретін, сыртқы әлеммен байланысатын жаңа кезеңге көшеді. Ал «тұсау кесу» рәсімі де осыған ұқсас философиялық мағынаға ие. Бала дүниеге келгеннен кейінгі оның өміріндегі алғашқы қадамдарын басуы. Яғни, оның болашаққа деген жолының басталуы деп түсінеміз. Сондықтан да, «кіндік кесу» мен «тұсау кесу» рәсімдері бір-біріне байланысты деп тұжырымдауға болады. Бірақ әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар.

БҰЛ ҚАНДАЙ ЫРЫМ?

Тұсаукесер – баланың алғашқы қадамын жасауына тілек білдіріп жасалатын ырым. Бұл рәсімде үлкендер ең әуелі сәбидің бауырынан табақ алу рәсімін жасайды да, одан кейін оны қолынан демеп, «Қаз-қаз балам, қаз балам, қадам бассаң мәз боламын. Тұсауыңды кесейін, күрмеуіңді шешейін» деп тілек айтып, баланың аяғын тік басуына көмектеседі. Кейде сәбиді итарбамен жетелеп, «тәй-тәйлап» қадам басуға үйретеді. Яғни, бала өздігінен апыл-тапыл басып, жүруге дағдыланған кезде «тез жүріп кетсін» деген ниетпен тұсауы кесіліп, оған ақ жол тілеп, бата беріледі.

АЛА ЖІППЕН ЖӘНЕ ШӨППЕН КЕСУДІҢ МӘНІ

Ала жіп қазақтың санасында ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың белгісі ретінде қарастырылады. Сондықтан үлкендер баласына «біреудің ала жібін аттама» деп тәрбиелейді, яғни бұл қиянат жасама, елдің берекесін бұзба деген мағынаға ие. Сондай-ақ, қазақта баланың тұсауын кесерде «өмірінде кедергілер көп болмасын» деп қайшымен кесуге болмайды. Әрі бұрынғы заманда тұсауды қойдың тоқ ішегімен немесе көк шөппен кесу дәстүрі де болған, бұл желісінен тай кетпесін, кебежесінен май кетпесін деген тілектен туған ырым болса, көк шөп байлап кескені, өз туған жерінде шөп секілді өсіп-өнсін дегені. Сонымен қатар, тұсауды кесетін адамға да ерекше талаптар қойылған. Мысалы, жүрісі жайбасар немесе қимылы ауыр адамдарға, жасы үлкен қарттарға, тұрмысқа шықпаған немесе үйленбеген жастарға тұсау кесуге рұқсат берілмеген. Қыз баланың тұсауын ширақ, ісі тиянақты келіншекке, ұлдың тұсауын еңбекқор, елдің алдында жүрген азаматқа кескізген.

ТҰСАУКЕСЕРДЕ КӘРІСТІҢ РӘСІМІН ОРЫНДАП ЖҮРМІЗ БЕ?

Қазіргі заманғы «тұсаукесер» рәсімінде баланың аяғына байланған ала жіп өткір пышақ немесе бәкімен кесіліп, баланы «тәй-тәйлап» жетелеп, оны жайылған матаның үстіне отырғызады. Оның алдына домбыра, кітап, ақша сияқты заттарды қойып, баланың бірін таңдауын күтеді. Бұл заттарды таңдау арқылы баланың болашағын болжап, ақша таңдаса – бай, домбыра таңдаса – өнер адамы, кітап таңдаса – ғалым болар деген түсінікте оның болашағын жорамалдап жатады. Алайда тарихшы, этнолог Тұрар Шәкен бұл рәсімнің қазақ дәстүріне жатпайтынын айтады. Ол бұл ырымның кәріс халқының «ассянди» деген салтынан алынғанын, яғни қазақ халқында мұндай дәстүрдің болмағанын алға тартады.

– Корей халқы баланың бір жасқа толған күнін ерекше атап өтеді. Бұл мерекеде жібек матадан тігілген киім (ханбок) кигізіп, баланың болашағын болжау үшін арнайы рәсім жасалады. Үстел үстіне әртүрлі заттар қойылады: күріш, кітап, қызыл үрмебұршақ, чартаги (кеспе), қаламсап немесе қарындаш, қайшы, жіп, ине, пышақ, ақша. Бұл заттардың баланың таңдауы арқылы оның болашақ мамандығы туралы жорамал жасау мақсатында қойылады. Мысалы, бала пышақты таңдаса – әскери қызметкер болады, инені таңдаса – ісмер, ақшаны алса – табысты, кітапты таңдаса – ғалым болады деп болжайды. Егер бала чартагиді (кеспе) алса, ол бай-бақуатты әрі бақытты болады деп есептеледі, ал қызыл үрмебұршақ болса – еңбекқор, адал, жауапты болады деп жорамалданады. Күріш таңдау – байлықтың символы, яғни мұқтаждық көрмейді дегенді білдіреді, ал қаламсап немесе қарындаш таңдау ғалым болуға нұсқайды. Жіп болса, ұзақ ғұмырды болжайды. Қазіргі кезде қазақтың тұсаукесер рәсімі де тура осы форматта өтіп жүр. Олар баланың алдына домбыра, кітап, бокс қолғабы сияқты нәрселерді алдына қойып, бала сол заттардың бірін таңдаса, оның болашағы сол нәрсемен байланысты болады деп жорамалдайды. Бұл түбегейлі қате. Себебі қазақ халқы ешқашан баласының болашағын алдын ала болжауға тырыспаған, әрі оған кесім жасаған емес, – дейді Тұрар Сәттарқызы.

БАЛА АЛҒА ЖҮРЕДІ

Міне бұл тұсаукесер рәсіміндегі бір қателігіміз болса, екінші қателігіміз – баланың тұсауын арт жағынан кесу. Оны «алды ашық болсын» деп ырымдағанымыз болса керек. Алайда этнограф бұл да қате екенін айтады.

– Кейде баланың тұсауын артынан кесетіндер де болады. Алайда тұсаукесер дәстүрінің мәні баланың жолын ашу, алға қарай жетелеу екені айқын. Сондықтан тұсауды баланың алдынан кесу керек, себебі бала артқа емес, алға қарай жүреді.

Тұсау кесілгеннен кейін баланы жасөспірімдер кезектесіп, тез-тез жүргізеді. Оларға тәттілер үлестіріліп, сый-сияпат көрсетіледі. Сосын барып,

«Қаз, қаз балам, қаз, балам,
Қадам бассаң, мәз болам.
Күрмеуіңді шештік біз,
Тұсауыңызды кестік біз.
Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз балам» деп,

шашу шашылып, тұсаукесер жыры айтылады, – дейді ол.

Шын мәнінде бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс, жаһандану, әлеуметтік өзгерістер мен жаңа мәдениеттердің ықпалы дәстүрлердің өзгеруіне әкеп соғуда. Сондықтан да кейбір жастар «Өзге ұлттың баласы тұсауы кесілмей-ақ жүгіріп кетеді, ал біздің қазақтың баласы тұсауы кесілмесе сүріншек болады» деген пікірге қарсы шығып жатады. Алайда әр ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері мен ұлттық құндылықтары бар. Бұл дәстүрлер адамның рухани күш-қуатын арттырып, тылсым мәнге айналады. Ұлттық жадында сақталып, келешек ұрпаққа жететін мұра болып саналады. Сондықтан тұсаукесерді тек салт емес, баланың болашағына бағытталған ақ тілектердің символы деп де ұғынған жөн.

ТҰСАУКЕСЕР – БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫН ЖАСАУЫНА ТІЛЕК БІЛДІРІП ЖАСАЛАТЫН ЫРЫМ. БҰЛ РӘСІМДЕ ҮЛКЕНДЕР ЕҢ ӘУЕЛІ СӘБИДІҢ БАУЫРЫНАН ТАБАҚ АЛУ РӘСІМІН ЖАСАЙДЫ ДА, ОДАН КЕЙІН ОНЫ ҚОЛЫНАН ДЕМЕП, «ҚАЗ-ҚАЗ БАЛАМ, ҚАЗ БАЛАМ, ҚАДАМ БАССАҢ МӘЗ БОЛАМЫН. ТҰСАУЫҢДЫ КЕСЕЙІН, КҮРМЕУІҢДІ ШЕШЕЙІН» ДЕП ТІЛЕК АЙТЫП, БАЛАНЫҢ АЯҒЫН ТІК БАСУЫНА КӨМЕКТЕСЕДІ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

– Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, А.Пушкин көшесі, ЖЭО-2 ауданында орналасқан жер учаскесінде «Қойма үй-жайы» объектісін орналастыру бөлігінде, тапсырыс беруші «МЕВА GROUP» ЖШС;

– Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, «Северная гряда» құрылыс қоқыс полигонының жанында орналасқан жер учаскесінде «Қоқыс сұрыптау зауытының құрылысы» объектісін орналастыру бөлігінде, тапсырыс беруші «Астана қаласының ГорКомТранс» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 28 тамызда сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1 қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Suyunova.zh@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә. Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің мүшелігіне конкурстық іріктеу басталуын хабарлайды.

Байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар мен конкурсқа қатысуға өткізетін қажетті құжаттар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес болуы қажет.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді және «_____ мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» және «_____ дейін ашуға болмайды» (конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстың өту орны: Астана қ., Бейбітшілік к. 11, 411 кабинет. Тел. нөмірлері: 557484, 556842.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2025 жылғы 2 тамыз.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2025 жылғы 31 тамыз.

№90 (4834) 02/08/2025 Сенбі

АБАЙ ӘНІ АСҚАҚТАДЫ

Астана қаласы әкімдігі Белсенді ұзақ өмір сүру орталығына қарасты Сарыарқа ауданы бойынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ұйымдастыруымен ұлы Абайдың 180 жылдығына орай «Абай жыры – мәңгілік мұра» атты поэзиялық-музыкалық кеш өтті.



Кеш сахналық қойылыммен басталып, белгілі өнерпаз Кенжебек Кенжетайұлы баяу күймен сүйемелдеп, Абай Құнанбайұлының бейнесіндегі Дүйсен Ділдәбек Абайдың өмір жолы, елге қалдырған мұрасы, ақынның даналығы мен терең ойлары жайлы баяндап, қара сөзінен үзінді оқыды. Одан кейін Абай шығармаларын сүйіп оқитын зейнеткерлер ұлы ақынның өлеңдерін оқып, әндерін шырқады.

– Бүгін біз ерекше бір кешке, тағылымы мол, рухани маңызы терең іс-шараға жиналып отырмыз. Бұл – жай ғана мәдени іс-шара емес, бұл – ұлттың ұлы перзенті, қазақтың рухани жарық жұлдызы, ой алыбы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай жыры – мәңгілік мұра» атты поэзиялық-музыкалық кеш. Абай – халқымыздың рухани темірқазығы, елді ел қылған парасат иесі. Оның артына қалдырған мол мұрасы – терең ойдың, биік рухтың, шындықты ту еткен сөз өнерінің асыл үлгісі. Абай – қазақ ойының биік шыңы, руханиятымыздың алтын діңгегі. Сондықтан бүгінгі кеште біз Абайдың өлеңдері мен қара сөздері арқылы оның ұлағатты мұрасын еске алып қана қоймай, оны жүрекпен сезініп, жаңа ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтып отырмыз. Бұл – жарыс емес, бұл – жүректің үнін, сананың сәулесін біріктірген рухани бас қосу. Бұл кештің тағы бір үлкен мәні – Абай мұрасын ардақтап қана қоймай, өмірлік тәжірибесі мол зейнеткерлеріміздің шығармашылығына қолдау көрсету, олардың бойындағы рухани байлықты бағалау, ортаға салып, өскелең ұрпақпен бөлісу. Сонымен қатар, Абай «Толық адам» туралы айтып кеткен, кемелдікке ұмтылған жанның бейнесін сомдаған. Бүгінгі кеш – сол толық адам болуға, Абайша ойлауға, Абайша сөйлеуге, Абайша өмір сүруге талпыныс жасау, – деп атап өтті Астана қаласы әкімдігінің Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының әлеуметтік қызметтерді ақпараттық ілгерілету бөлімінің басшысы Меруерт Нұрғалиева.

Ең қызығы – кешке Абайдың қызы Күлбадан әулетінен тарайтын Сырғагүл Дутбаева қатысып, ол Абайдың көпшілік білмейтін әндерін орындады. Сондай-ақ өзін ұлы ақынның ұрпақ жалғастырушысы ретінде бақытты сезінетінін айтып марқайды.

Кеш аясында қатысушылардың өнері бағаланып, арнайы номинация иелері де анықталды. Оларды анықтау үшін қазылар алқасы құрамында Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының әлеуметтік қызметтерді ақпараттық ілгерілету бөлімінің басшысы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, тіл маманы Меруерт Нұрғалиева, Перспективалық даму және әлеуметтік жобалар бөлімінің маманы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жанарбек Искендыров және қазақ тілі пәнінің мұғалімі Райхан Мұқанова болды.

Нәтижесінде Абай оқуларына арналған номинациялар бойынша «Абай мұрасын насихаттаушы үздік өнерпаз» деп Сырғагүл Дутбаева танылып, «Үздік көркем оқу» номинациясы Еркін Қасеновке, «Мәнерлі жеткізе білгені үшін» – Жұмағат Мұқановқа, «Абай жырына деген махаббат» – Бахтина Қанышаға, «Әсерлі сөз шебері» – Бақтыгүл Жолдыбаеваға бұйырды. Ал ән номинациялары бойынша «Абай әнін жүрекпен жеткізгені үшін» Ермек Тұрлыбаев марапатталса, «Үздік вокалдық шеберлік» – «Замандастар» тобына, «Көркем орындау» – Нәзігүл Омарғалиеваға берілді.



ТЕАТР МАУСЫМЫНЫҢ ТҮЙІНІ

Елордадағы Музыкалық жас көрермен театры V театр маусымын М.Әуезовтың «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасымен салтанатты түрде жапты.

Іс-шара ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналды. Театр директоры Асхат Маемировтың айтуынша, осы маусым да театр ұжымы үшін табысты болып, бес жаңа премьера ұсынылды. Атап айтқанда, «Қызжылаған» мен «S.O.S» драмалары, «Сылаң қыз» комедиясы, «Әміре» моноспектаклі, «Мәншүк» музыкалық драмасы. Сонымен театр репертуарындағы жалпы қойылымдар саны 28-ге жетті. Сондай-ақ, көрермендерге 266 мәрте спектакль ұсынып, бұл қойылымдарды 61 181 көрермен тамашалады.

Ал аталмыш өнер ошағы бес жыл бұрын ашылғанда осы маусымды жапқан Мұхтар Әуезовтің «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасымен шымылдығын түрген. Бұл қойылым – театрдың төлқұжаты іспеттес қойылым. Балалар мен жасөспірімдердің дүниетанымына, талғамына, рухани болмысының қалыптасуына әсер ететін бұл спектакль Абай ғұмырының бозбала кезеңінен көрініс береді.

Жас Абайдың жүрегінде оянған алғашқы махаббаты, көкірегінде туған тұңғыш жыры әуезді әнге айналып, ішкі сезім тебіреністерін аласапыран күйге салады. Тоғжанға деген іңкәр сезім өмірге деген құштарлыққа ұласып, Абайдың адамзатқа деген асқақ махаббатының темірқазығына айналды. Құнанбайдай әкенің өнегесі, Ұлжандай ананың тәрбиесі, қоршаған ортаның тылсым сыры, ғашықтықтың ғаламаты, дос пен бауырдың қадірі жас көрерменнің жанына рухани ләззат сыйлап, санасына көркем көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.


Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Шапағат ӘБДІР**

МАЙҚЫДАН БАСТАЛАТЫН БИЛЕР МЕКТЕБІ

Бас қалада ҚР Жоғарғы Сотының отставкадағы құрметті судьясы, заңгер Өмірсерік Қожабаевтың «Қазақтың билер мектебі: Майқыдан Абайға дейін» атты кітабы таныстырылды.

Бұл кітап Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай Абай облысы, Абай ауданының әкімдігі мен Абай-Жидебай қорының тапсырысы бойынша үш тілде жарық көрді. Мұнда Абайдың әдет пен ғұрыпты, халықтың өмір сүру салтын зерттей отырып, қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазғаны қамтылған.

Кітап жайында «Қазақ тарихи қоғамы» ҚБ басқарма төрағасы Радик Темірғалиев «Бұл тарихи тәжірибе қазіргі қазақстандықтар үшін маңызды практикалық және моральдық мәнге ие. Ұлттың өз күшіне және мүмкіндіктеріне сенбеуі көбінесе дамуға елеулі кедергі келтіретіні жасырын емес. Өз кезегінде, нигилистік көңіл-күй көбінесе өз тарихымен мәдениетіне деген көңіл қалушылықтан туындайды. Сондықтан қоғамдағы салауатты күштерді шабыттандыра алатын тарихи деректерді өзектендіріп, кеңінен насихаттау аса маңызды. «Қазақтың билер мектебі: Майқыдан Абайға дейін» кітабы бұл ағартушылық миссияны толықтай орындайды» деп баға берді.



Аталған еңбекте қазақ даласындағы от ауызды орақ тілді баба билердің дала заңын ұстанудағы ұтымдылығы, тапқырлығы суреттеледі. Кітаптың бір данасы Астана қаласы Мемлекеттік архивіне сыйға тартылды. Автор бұған қоса, қызмет еткен уақыттан бері жиналған құжаттардың түпнұсқасын, кейбір құнды қағаздардың көшірмесін, қолжазбаларын архивке тапсыру туралы қалалық архив директоры Жангелді Бимолдинмен келісімге келді.

АСЫҚ АТУДАН ЖАРЫС

Астанадағы Aspan спорт кешенінде 2005-2008 жылдары дүниеге келген жастар арасында асық атудан және бес асық ойынынан ашық чемпионат өтті. Мергендерді анықтау үшін төрешілер арнайы Павлодар облысынан шақыртылды.

Турнир барысын асық атудан Қазақстан Республикасы жасөспірімдер құрамасының бас бапкері Дүйсембай Қожамжар бақылады.

«Соңғы жылдары ұлттық спортқа көңіл бөлінудің арқасында асық ату мен бес асық V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасына енді. Алғаш рет ұлы даламызда 10-нан астам мемлекеттің басын қостық. Заңда да өзгерістер еніп жатыр. Алайда асық атуда әлі де дамытатын тұсымыз бар. Мысалы, кейінгі уақытта асық атуға арнайы кілемдер үлгісі қолданылып келеді. Спортшылар қызыл және көк бұрыштан шығады. Сақаларын арнайы түске бояйды. Мұның барлығы уақытпен бірге алға жылжи береді. Ал ішкі бәсекелестікке келсек, оңтүстік өңірдің кішігірім артықшылығы бар. Неге? Себебі ол жақта көктем ерте шығады. Далада асық ойнауға өте қолайлы» деді ҚР жасөспірімдер құрамасының бас бапкері Дүйсембай Қожамжар.



Астана қаласының ашық біріншілігіне 39 қатысушы тіркелді. 22 ер асық атудан сынға түссе, 17 қыз бес асықтан жүлдені сарапқа салды. Жүлдеге іліккен жастар Астана құрамасының сапына алынып, тамыз айының ортасында Ақтөбеде өтетін жастар арасындағы ел чемпионатына қатысады.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 90

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ